

Аса қауіпті жұқпалы, паразитарлық аурулар және жануарлардың улануы кезінде жануарларды оқшаулау, мал шаруашылығы өнімдері мен олардың шикізаттарын қолданудан алу, олардың құнын төлеу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 1997 жылғы 12 наурыз N 27. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 341. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 630 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық кесімдер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 1997 жылғы 12 наурыздағы N 27 "Малдарды, мал шаруашылық өнімдерін, мал шикізаттарын аластау және алып қою тәртіптері ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 30 шілдеде N 341 тіркелген бұйрығының күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы
м и н и с т р л і г і н і ң 1 9 9 7 ж ы л ғ ы
1 2 н а у р ы з д а ғ ы
N 2 7 Б ұ й р ы ғ ы н а
қ о с ы м ш а

1. Жергілікті атқару органдары жануарларды оқшаулау, олардың шикізаттары мен өнімдерін қолданудан алу жұмыстарын тиісті аумақтық Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспектордың қаулысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 шілдедегі "Мал дәрігерлігі туралы" Заң күші бар N 2376 U952376_ Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 қазандағы N 1205 P961205_ қаулысымен бекітілген жануарлардың жұқпалы аурулары мен олардың улану тізбесіне сәйкес жүргізеді.

2. Тиісті аумақтық Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспектор жануарларды оқшаулаудың, олардың шикізаттары мен өнімдерін қолданудан алудың әрбір жағдайына орай қаулы шығарады.

3. Жануарларды оқшаулау, олардың шикізаттары мен өнімдерін қолданудан алу туралы қаулы (1-қосымша) мемлекеттік зертханалық-диагностикалық мал дәрігерлік мекеменің сараптамасы негізінде жасалады.

4. Ауыл шаруашылық сақтандыру кәсіпорны органдары жануарларды оқшау олардың өнімдері мен шикізаттарын қолданудан алу кезінде келтірілген залалдарды ұқсатылған өнімдерді әрі қарай пайдалану немесе толықтай жойып жіберуді ескере отырып, жануарларды, олардың өнімдері мен шикізаттарын сақтандыруға арнап шартта көзделген қаражаттар есебінен, ал жергілікті әкімшілік аудандық және облыстық бюджет қаражаттары есебінен өтеуді жүзеге асырады.

5. Жануарларды оқшаулауға байланысты келтірілген залалдарды толықтай өтеу жануарларды өртеу және оларды пайдаға асыру кезінде жүргізіледі.

6. Жануар иесі қаулы шешімдеріне келіспеген жағдайда жоғарғы ұйымдарға немесе халық сотына отыз күн мерзім ішінде шағымдануға құқылы.

7. Жоғары ұйымдар жұқпалы індеттер ошағын дер кезінде жою және індеттен аман тұрған шаруашылықтарды жұқпалы аурулар қоздырғышын әкелуден қорғау үшін келіспеушілік шағымдарын 3 күн мерзім ішінде қарауға тиіс.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 қазандағы қаулысының тізбесінде көзделмеген жұқпалы аурулар мен уланулар кезінде мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді сақтамау жағдайларына байланысты жануарларды оқшаулау, олардың шикізаттары мен өнімдерін қолданудан алу өтемі жасалмайды.

1 - қ о с ы м ш а

Приложение 1

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мал дәрігерлік қадағалауы

Государственный ветеринарный надзор
Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының "Мал дәрігерлігі туралы"
заңына сәйкес жануарларды оқшаулау, олардың
шикізаттары мен өнімдерін қолданудан алу туралы
ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ А N 00000

об отчуждении животных и изъятии сырья и
продуктов животного происхождения согласно
закона "О ветеринарии" Республики Казахстан

" ____ " _____ 19 __ жыл/год

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 шілдедегі "Мал дәрігерлігі туралы" заңының 21-бабына сәйкес және мал дәрігерлік зертхана берген анықтама-экспертизаның

В соответствии со статьей 21 закона "О ветеринарии" Республики Казахстан от 25 июля 1995 года и на основании справки-экспертизы N _____ ветеринарной лаборатории от _____ 199__ г.

а з а м а т (ш а)

гражданину (гражданке) _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

(фамилия, имя, отчество)

мекен-жайы/адрес _____

оқшаулау немесе қолданудан алу жұмыстары жүргізілсін
произвести отчуждение или изъятие _____

(жануарлардың түрі, саны, олардың шикізаттарының немесе өнімдерінің атауын көрсету керек)

(указать вид животного, количество, наименование сырья или продукта животного происхождения)

негізінде мал дәрігерлік-санитарлық ұқсату:

на ветеринарно-санитарную переработку: _____

(өртеу, пайдаға асыру, өнеркәсіптік ұқсату түрлерінің бірін көрсету керек)

(указать: сжигание, утилизация, промышленная переработка)

және мынадай себептерге байланысты

в связи с _____

(оқшаулау немесе қолданудан алу себептерін көрсету керек)

(указать причину отчуждения или изъятия)

Өтемақы төлеу: қанағаттандырылсын/қанағаттандырылмасын
/керексізі сызып тасталсын/

Выплату компенсации: удовлетворить/не удовлетворить
/не нужно зачеркнуть/

Қаулы шығарған тұлғаның лауазымы және қолы

Должность и подпись лица, составившего постановление

Күні/Дата Қолы/Подпись Мөрдiң орны/Место печати

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК